С.АҚ ТАЕВ

БҰЛАР БІРІНШІ БОЛЫП ЕДІ

САРБЛС АК.ТАНВ

БҮ ЛАР БІРІНШІ БОЛЫП ЕД

«Қ АЗАҚ СТАН» БАСПАСЫ
А л м о т ы — 1975

Қ ОҒ АМДЫҚ -САЯСИ Ә ДЕБИЕТ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

9 Қ аз 2
А 37

Ақ таев Сарбас.

Бұ лар бірінші болып еді. Алматы, «Қ азакстан», 1975.

145 бет

«Бұ лар бірінші болыгі еді» атты очерктер жинағ ыныңавторы Сарбас Ақ таев Октябрь революциясының 50 жылдығ ы өкән В. И. Ле-ниннің туғ анына 100 жыл толу торкалы тойы қ ұ рмет Қазақ стан Журналистер Одағ ы жариялағ ан бәйгеде бірінші, екінші орындарды жең іп алғ ан республикамызғ а белгілі журналист.

Сарбас Ақ таевтың осы кітабына бәйгеде жү лдеге иелғ ан очерктері де енгізілген. Негізінде «Бұ лар бірінші болып еді» атты жинақ тағ ы шығ армаларда Советтік Қ азақ станда енгіп, кабыстач табысқ а жетіп жатқ ан адамдардың ө мір жолы қ ызың тім ленеді. Сондай-ақ Қ азақ станда бірінші коммунист, бірінші кәсіпшы болғ ан қ азақ әйелдері және «Қ ұ рмет белгісі» орденімен ңдалған бірінші пионер жайлы очерктер бұ л жинақ тың негізгі арқ ауын. Сондық тан да осынау кітап оқ ырмандар кө ң ілінен шығ ар деп ойлаймы

10604—050
А 401 /07/—75 145-75

(§) «Қ азақ стан» баспасы, 1975

/. Бүлар бірінші болып еді

Аманкелді ардагерлері

I. Ер—елге ортақ

Кас карайып, ымырт үйірілген шақ. Түнгі тұман тауды жұтып жіберген. Төңірек түгел манаурап, мең-зең. Тек мына киіз үйдің сыртына құрылған шағын экраннын жарығы түн койынын тілгілейді. Үлкен-кіші, кәрі-жас соған қарап, қаткан да қалған. Экранда екпіндей шаңқан аттар, атой салған сарбаздар. «Аттандаған» айбарлы үн айналаны жаңғырық тырады. Міне, қасқа арғымақ шыр айналды. Батыр да ангалаған жауды жайпай атып, жайратып тұр, Кенет... тура келген ажал оғы аттан оны жұлып түсті. Бірақ туы жығылған жоқ.

Екі сағат бойы демін ішіне тартып, экранға тесіліп отырған ел «Ah» деп ауыр күрсініп орнынан тұрды. Ашық аспан астында көк майсаға малдас. құрып отыра кеткен кісілер етегін қағынып тұрып жатып:

— Сабаз-ай, ердің сойы екенғой,— дейді.

— Ер өлімі ең кейген күн сияқты: жарқылы сөнсе де. жалқыны калады. Құдды біздің Бекболат пен Сатай сияқты ғой,— деп өз өлкесінің өрұлдарын еске алады. Жұрт жаңағы көргені кино екенін, оның осы Кастек ауылында түсірілгенін тіпті естен шығарып жіберген. Кімгі бір сол көтерілістін ішінде өздері жүргендей дүлп, сырласып кетті. Көз алдында өріліп өткен күндер сіеле жатты...

Ертемен енсені езген корғ асын бұ лт әлгі бір әзірде кұ йып-кұ йып басылғ ан-ды. Аспан шайдай ашык. Койнауғ а конғ ан ауылдан шаншыла шық кан түтінге караса, Суыктө бе елжірей бастағ ан күн кө зіне кеудесін қеріп шылым шегіп жатқ ан шал тақ ылетті. Жон-жота дүр сілкініп, сай-сала жайнап салып, кунап калғ ан.

Осынау қ оң ыр тө бел шаруасы бар ауылғ а тап бүгін Токаштың келуі де жұ ртты жаң ағ ы жаң бырдан кем серпілткен жоқ . Жарлы жандардың жарым кө ң ілі бір кө теріліп калғ ан секілді. Ауылда кара-қ ұ ра кө бейіп, кара кара үйлердің белдеуіне аттар байланып калғ ан. Жерошақ басы да қ оң ырсып, танау қ ытық тағ ан түтінін шумақ -шумак ө ріп, аспанғ а лактырып жатыр. Міне, Доскожа үйінің алдына есік пен тө рдей ақ боз атты бас тіреді.

— Қ ашағ анның қ ара шаң ырағ ы осы ма? — деді аттан түсіп жатқ ан күміс еакалды енгезердей ак сұ р шал.

— О, Сатай ақ сакалдың ө зі де келіп қ алды ма! — деп үйден ата шық кан орысша ық шам киінген, кияқ мұ рт қ араторы жігіт оғ ан екі колын қ атар ұ сынды.

— Дәуде болса, Тоқ аш сен шығ арсың осы. Ар бол, арысым! Қ елші кеудеме басайын бір,— деп қ апсағ ан де нелі қ ария талдырмаш жігітті қ ұ шағ ына кө міп жіберді

Ауылдың тө рінде тұ рғ ан ақ боз үйдің есігі осы тұ ста кө теріліп барып кайта жабылды. Дәл бір дыбысқ а елең етіп, қ ұ лағ ын кө терген сақ тө бет сияқ ты. Оны асұ ң ғ ыл Токаштан басқ а бір жан байқ ағ ан жок.

Қ араша үйге лыка толғ ан халық тың сө з тізгіні бүгін Тоқ ашта ғ ана. Кө птің кө ң ілінен шығ ып, шешеніп кө йлейт ол да шешіліп, есіліп отыр. Езгіде жаншылғ ан ең бекш кауымга да бақ ыт таң ының атар күні алыс емес екенін жүрекке жеткізе айтады. Патшалық қ ұ рылыстың күйрегелі тұ рғ анын, елдің жиһ ангерлік соғ ыстан зардап ше отырғ анын кө ң ілге кондыра түсіндіреді. Кешелі-бүгін елдің үрейін алып отырғ ан майданның қ ара жұ мысына қ азак, қ ырғ ыздан жігіт алудың түп тө ркінін ашып бер Патшаның қ азіргі айла-шаргысы саоқ ан үйрек артымен сүң гидінің кері, соғ ыс ө неріне бұ рын-соң ды жатыкпа жалпақ елді кара жұ мыс деп ок аузына жалаң қ ол ұ стау, түбінде ө зіне қ атер тө ндірер ең бекші елдің күш осылай титық тап, тамтығ ын қ алдырмау екенін колмен койғ андай ұ ғ ындырады.

— Елік екеш еліктің де лағ ы ө лер алдында тұ яқ серпеді. Таудың тағ ысы деп дүмділер жала жапканы болма са, жүрегінде жігер қ аны бұ рқ анып жатқ ан біз дерабұ қ

ел емеспіз бе! Қ аранғ ылық гіен қ анша жыл кұ дірет тұ т келген ак гіатшаның кылығ ы мынау. Енді онын кү ні са наулы. Ал ең бекші ел тең дік табар таң атуғ а таяудық а Сол таң ғ а жү зіміз жаркын бару ү шін кө теріл, елім! М на он тогыз бен отыз бірдің арасындағ ы ө ндір бозда рың ды кө гендеп бергенше қ ару алып кү реске шық ! Кө п қ орқ ытады, терең батырады. Халык қ ah арланса жала- ң аш қ олымеи кылыш жү зін кайырады! — деп бір токта- ды Токаш.

— Жұ мыла кө терген жү к жең іл деп тегін айтылма- ғ ан. Мұ ндайда бір жағ адан бас, бір жең нен кол шыгар ғ ан ұ тады,— деп Тоқ аш аз-кем толғ ап алды,— Орыс, қ азақ , қ ырғ ыз деп бө лінбей, айыр ағ аштын ү ш саласын дай тұ тас кимылдаң дар. Алаканғ а қ онғ ан аласа бақ таи аспанда тұ рғ ан аскак арман артық .

- Орыс...— деп орта тұ стан біреу осқ ырына тұ рды.— Орыстан алғ ан сыйымыз аз ба?! Жаз жайлауды тыкыр- лап, кү з қ ыстауғ а кайтканда шиендеп кө к сын сыпғ тұ ра тын конысымызғ а қ ала сап, ө рісімізді тарылтып отыр- жоқ па! Енді әбден тойынып, каласынын іргесіне қ ня бастырмайтын да болды.

Тоқ аш мырс етіп кү ліп жіберді. Досқ ожағ а қ арап еді, ол да ынғ айсызданып калғ ан екен,

— Тәйт әрі, тантымай! Осыдан алты-жеті жыл бұ рын аш-жалаң аш кө шіп келген он бес ү йдің келер жылы әуп рімдеп әрен там салғ анын кө збен кө ргенбіз. Енді ағ ан олар ө з ең бегінің сү месін еміп отыр,— деп Досқ ожаға о зекіп таетады.

— Жігітім, жарлы жарлыны жарғ а жыкпайды. Ке- дейдің аты кедей: мейлі ол орыс, мейлі қ азак болсын кө рген кү ні бір. Қ айта, бағ ана Сәкең аттан тү скенде есіктен ғ ана сығ алап, іштей тынғ ан анау акбоз ү йінің н секем аламын-ау,— деп Токаш бір тү йіннің ұ шын тағ ы да шығ арып койды.

Бағ анадан бері Токаштың сө зін багып, ойын салмак- тап ө з зердесінің таразысына тартып отырғ ан Сатай -а сақ ал да енді сө зге араласты.

— Ә лгі орыс-орыс деп опынып, намыстымсып отыр- ган кай пысық ө зі. Тоқ аш тап басып, тауып айттыдекке кедейді кө кірекке тепгіейді. Біздегідей орыстың да кедейі, яғ ни крестьяны бар. Олар да азат, абат ө мір аң - сайды. Ендеше бір кемеде жү згеннің жаны бір, менл-бі сем, орыстын ө зі патшаны жек кө реді. Жаң а жолда ШИендегі Пантелейдің баласы Андрейді кө рдім. Ә Жақ-

цабсктіц Дү йсембайымен бірге Ә жібай балаларыныц қ ойын багып жү р. Қ азақ ша кү пі, тымақ киіп алғ ан. «Жарқ ыным-ау мұ ның не десем, «солдатқ а, соғ ыска ша-қ ырып жатыр. Сонан бой тасалап, осы ағ айындар орта-сында жү рмін. Согыска барғ анда кімді қ орғ аймын, патшаны ма...!» дейді. Қ ө рдің бе, олай болса нерыс ө-тармен одақ таспасқ а! Алтау ала болса ауыздағ ы кеңед, тө ртеу тү гел болса, тө бедегі келеді. Қ ондық атқ ым қ а боп. Ұ яда ө скен қ ыранга қ ияда ө лмек керек, ү йде ө ск ұ ланга қ иянда ө лмек керек.

— Сө зің е қ ұ лдық , Сәке! Ез ө мірден ер ө лім артық ,— дегі Тоқ аш қ арияны қ олтыгыпан кө теріп, қ олына қ- амшы сын ұ статты.

Ақ ылы асқ анды ағ а тұ татын халык кө пті кө рген кө кі-регі даң гыл қ ариялар ды тәң ірі тапыган қ ой. Суық тө бе саласындағ ы жарлы-жақ ыбай ауылдардан жиналғ ан жалпақ жұ рт Сатай Қ ө бегеновты басшы сайлап, сол кеште-ақ қ ауырт іске кірісті.

Қ азақ тың қ олы қ ысқ а болса да, қ ұ лағ ы ұ зын. Ол жү йріктің жалында, тұ лпардың тұ ягында бір қ иырдан бір қ иырғ а таратылады да жатады. Оның дү лдү л дү бірі ұ лан-қ айыр даланы әп-сәтте-ақ шарлап шығ ады. Елдің патшағ а қ арсы кө терілуі туралы хабар сол тү ні-ақ ж- лауда жатқ ан жалпақ елді кө ктей ө тіп, Алатаудың ы арғ бетіндегі қ ыргыз ағ айындарды аяғ ынан тік кө тер ді. Е тең іне таң мен таласа атқ а қ онғ ан қ алың қ ол Шиенде тұ рган ақ казак отрядын орнынан басқ алы шеру тартып келе жатты. Алда астында ақ боз атты ойқ астап, қ олы ын жалау желбіреген Сатай қ ария...

— Шіркін, Сатай да осы Аманкелді сияқ ты ердің ері еді ғ ой,— деп осы елесті кө з алдынан ө ткізген бір са-қ ал ауыр кү рсінді.

Қ олхозшылар қ азақ тіліндегі тұ ң гыш фильмді осылай кө рген-ді. Ертең інде-ақ «Ең бекші талап» колхозынын басқ арма мәжілісі артельге Амапкелді атын беруге ку-а лы қ абылдады. Себеп: ер — елге ортақ , екіншіден, ол туралы фильм осы артельдің жерінде тү сірілді.

Аманкелді ауылында осы оқ иғ аны жақ сы білетін қ ариялар аз емес. Олардың арасында қ азақ даласын ая ғ ынан тік кө терген Ұ лы Октябрь алдындағ ы алып дү - бір — он алтыншы жылғ ы ұ лт-азаттық кө герілісіне қ атысқ андары да, Совет ө кіметін ө з қ олымен орнатыс-

кандары да, колхоздың қ абырғ асын қ аласқ андары да бар. Бұ лар бү гінгі Аманкелді ардагерлері. Ал олардың осы бақ ыт бағ ын жасау жолында басынан нек илы қ иындық тар кешіргенін кейінгі буын — жас ұ рпак біле ме? Ә рпне, білмейді. Ендеше олардың ө мірінен кейбір-селе терді жастар алдына тартудың артық шылығ ы болмас. Ә келердің шартарап ө мір жолдарында бү гінгі буынга тағ ылым болар сәттер баршылык. Солар кө рген қ иындыкты сезінсек, қ олга қ онғ ан бақ ытымызды бағ алай білуімізге жақ сы гой.

2. Жү к ауырын нар кө тереді

Аптадан асып барады, ауыл қ осү рей. Таң білінсе-ақ болды, қ онысқ а хабаршы калдырып, тайлы-таяғ ы қ алмай тауғ а тартады. Тас-тасты тасалап, ағ аш-ағ ашка жасырынып жатып, қ ашан қ ас қ арайғ анша ең істегі ауылына телміріп жатқ аны жұ рттың . Қ алың нан қ арсақ шығ а келсе де, қ айқ аң нан кұ с ұ шып ө тсе де елеңдеше қ а ел. Ү ріккен елдің алды Алатау асып кетті. Жазалаушы лар кө терілісшілерді кө рдім деген ауылды ұ шыратқ а-табан аузында тып-типыл етеді. Жалмап, жайпап келе жатқ ан бір алапат.

Бү гінгі хабаршының кезегі Қ ұ стү тінге тү скен-ді. Бағ ана ауылды тауғ а аттандырып, жерошақ басында жатқ ан терек тү біріне отырып еді, ол сонан әлі тырп кетен жоқ . Қ алың қ асы кө зін жауып, қ абағ ы тү ксиіп кеткен. Ұ зын мойыны ебедейсіз иіліп, кесек мұ рны ү лкейкен кеңс дей. Қ ү н де бір тү рлі тыншу. Беймаза жел масадай ызың дап, мазаны алады. Таң алдында алас-кү лес бір де қ аузап, тө ң кере салғ ан қ азандай аузы-мұ рны жоқ қ ара ша ү йлер де тү неріп, кө ң ілді қ ұ лазыта тү седі. Белде байлаулы тұ рғ ан Сары ат оқ ыс пысқ ырып, жер тарпып қ алғ анда ғ ана Қ ұ стү тін қ алың ұ йқ ыдан шошып оянғ андай, атып тұ рып атына қ арай жү рді. Иесін танығ ан Сары аты да мойнын бұ рып оқ ыранып қ ойды да, оның кеудесіне иегін салды. Атты сағ ағ ынан сипап, жағ ына кағ ып қ ойғ ан Қ ұ стү тін екі шынтағ ын жалғ а арта салып аз-кем тұ рып калды.

Қ айтсін, казір атта да кү тім жоқ . Ері алынбағ алы айдан асты. Іші әбден тартылып, қ абырғ асы арсаланыг қ алғ ан. Астаудай жоны шө миіп, бота тірсегі жің іішкер барады. Ә йтеуір есіктей омырауы ғ ана айқ ындалып,

колтығ ы ашыла түскен. Ат емес кұс еді ғой бұл де кезін Қ ашқ ан ан, қ айырғ ан малдың бірін қ ұ тқ арғ ан жылқ ы емес. Мұ ның мысы басама-ау, жылқ ышы астынан Сары атты көрсе-ақ , шығ аннан шық қ ан небір қ ашағ ан қ ұ рық - қ а тұ ра қ алады. Қ ашағ ан қ уғ анда шауып келе жатып артқ ы бір аяғ ымен шыр көбелек айналатынын қ айтерсін Осы әдісі талай көкпарда бәйгені қ олғ а да беріп-ақ еді.

Суық төбедегі қ ырғ ыз ағ айындармен болғ ан бір бәсеке Қ ұ стү тіннің әлі есінде. Бір-бірінің тәсіліне сүсін-ғ ан қ ырғ ыз жігіттері қ олдан-қ олғ а беріп қ ақ пақ ылдау мен көкпарды әкетіп барады. Екі-үшеуі алды-артын ор мұ ны аттатар емес. Енді сәл кешіксе көкпардан күрай рам қ абуы кәдік. Атының сыры өзіне мәлім бұл бір жамбас тай қ алды. Сары ат та жалт берігі, аңдығ ан үшеуден сытылып шығ а келді. Ол оқ тай алғ а атылды. Оқ ыс кимылды көрген әзіргі жеңіскер де атына қ амшы басты. Нысана сол екенін сезді ме, Сары ат қ ұ чтай ұ шты. Қ ұ стү тіннің ұ зын қ олы серкенің сирағ ына жабысты. Анау да қ иялай тартып, қ айрат қ армап еді, әлеуетті қ ол ж бысқ ан жерінен айрылғ ан жоқ . Өзінен әл кеткенін пенбіл кырғ ыз жігіті олжасын қ оя беріп, Сары аттың жүгенін жармасты. Онысы да амал. Бірақ бәрін иесінің тақ ымы нан танитын Сары ат ең іске, кембеге қ арай салды. Ан лар да анталап, алдын орады. Сол тұ ста Қ ұ стү тін көк парды кейін қ арай лақ тырып кеп жіберді. Ежелгі әдет мен жалғ ыз аяқ тап аты жалт бергенде ол садақ тай иіл жерден серкені іле жөнелді. Сөйтіп, Суық төбе төгінің іре бір серпілткен ғ ой бұ лар.

Айналайын, қ ырғ ыз ағ айындар да көкпар десе жанып кетеді ғ ой. Батыл да батыр жігіттер шетінен. Қ ұ стү т кеше барып қ айтып еді, Қ ұ рман қ олы әлі берісер. емес Жазалаушы отрядты оқ ыста ақ сатып, екІ-үш жерде қ ырып та тастапты. Жүретін жолын алдын ала барлап ап, төбеден тас домалатқ ан екен. Қ ұ стү тіннің сәлсіне қ азір-ақ сол қ олғ а қ осылар еді, ал мынау түнде, көші түнде тығ ылып тым-тырағ ай болып жүрген ауылын қ айтеді.

Әлде бір әзірде Сары ат елең етіп, қ ұ лағ ын қ айшылай қ ойды. Қ ұ стү тін де селк етті. О сұ мдық , жылар аст нан шығ а келген не мынау? Жау ма?! Жалаң аш қ ылыштарын жарк-жарқ еткізіп шауып келеді. Енді қ имылдау қ атер. Тәуекел деп тартып берсе, бір қ ұ тылуғ а құрт тыл да еді. Онда анау ауыл адамдарын ұ стап береді. Екі оттың ортасында ол қ алшиып катты да қ алды.

— Кел бері, киргиз, қорық па,— деді қияқ мұртты кеспелтек офицер атынан түсіп жатып. Қалғандарыетүс түсе қап төңкерілген қазандарды тепкілеп, қараша үйлерді тінтіп кетті.

— Қайда кісілер?

— Тақсыр, өзім де жаңа келіп, таба алмай аңтаңмын.

Офицер көзі салған бетте Сары атқа түсті. Құстүтіннің төбесінен тастай су құйып жібергендей болды. «Сонау атқа менің ер-тұрманымды» деген әлгінің сөзі-зі үліп-үзіліп құлағына келеді. Қөз алдында көкпар... Сені іліп алып еңіске құлдырады. Аналар алдын орады.. Олжаны кейін лық сытып тастады... Сары ат жалт бұрылды... Сытылып шықты... Құтылып кетті.

— Жоқ, жоқ!— деп оның жан даусы шықты. Атына ұмтылып жолдағы екі солдатты кеудемен қағып тастады. Шылбырға қолы іліге бергенде алқымы тыз ете қалды. Қөз алды жап-жасыл болып құлап түсті ол. Сұсты кылыш кеңірдекке қадалып, дір етіп тұрды да қалды.

... Жылқылы ауылдың село сыртына келіп үйтіккені екі-үш күннің ғана бағдары, қыстай құмда болып, көк шығаж жылқ ұсымен жарысып жылқ ының келуі бір қызық қой. Ауыл алдындағы адырда тай-құнанның жарысы, күлдір-күлдір кісінегеи құлындардың даусы, үйірге жаңа түскен жас айғырдың алысы қай қазақты баурамаушы еді. Бірақ көктемгі қауырт жұмыстардың көптігінен бе, қымызүйесігін әлі ешкім ашқан жоқ-тын. Бүгін бәрінің сауете түскені не? Сабаны күмп-күмп пісіп, Рақима жағалай қымыз құя бастады.

— Құсекең қайда жүр?

— Әлгінде ғана балағаасау ұстап беремін деп кетіп еді, көздерің жете ме, анау адырдағы сол емес пе екі?

Рақима нұсқ аған жаққа жапа-тармағай қадала қалған қонақтардың көзіне асауды құлақтан басып жүгендеп жатқан Құстүтін шалынды. Әне, қасындағы баласын мінгізіп, әрлі-берлі шылбырдан шаужайлап жүрді де, қоя берді. Асау ала жөнелді. Бала жалғажабыса қылд Өзі, міне қосқа беттеп келеді.

— Оу, ағайындар, үшкүннен бері аттарың жетпей жатыр еді, бүгін неғып бәрің бірдей келе калғансың? деп Құстүтін үйге сөйлей кірді. Қауқылдасып-амандас қанымен отырғандардың қабағында бір бұлт барын ол салған жерден-ақаңдап, жүрегі суете қалды.

— Уақыт... Уақыт болғанда келеміз де. Уақыт пен

тағдырды айтқанға көндірш, аидауға жүргізу әзір тірі пенденің қолынан келмей тұр ғой*-- деп отырғандарды отағасы ауыр күрсініп онан әрі толғады,— Айы жеткен айында, күні біткен күнінде демей ме атамыз қазақ. Ол да осы уақытқа айтылған. Кім білген, кешегі Белқожа бәрімізге ортақ ...

— Белқожа! Апырай, бауырым... деп «аһ» ұрған Құстүтін қолын маңдайына қойған қалпы тас болып отырды да қалды.

— Ел үшін ерлікпен...— дей бергенде Рахима дауыс салып жіберді. Екі иіні селк-селк еткен Құстүтіннің кеңек мұрны әлсін-әлсін тартылып, қара сақалының ұшынан тамшылар сорғалады. Орнынан ол атыла тұрып:

— Атқайда, әкел! — деп айғайлап жіберді.

Үй іші өң мен түстей, жылаған жеңге, зарлаған жар. Аңтарылған жұрт. Анадай жерде Құстүтін атпен ағызып барады. Сол бойда ол аз жүрді ме, көп жүрді ме кім білсін, аты төрт тағандап тұрып қалғанда барып жерге аударылып түсті. Иесіз тауға, елсіз жерге келіп етбауыр-лап жатып — ал жыла. Нұрбегінен қара қағаз келгенде Нұрқожасын естірткенде, Әлқожаның, тіпті Бекқожаның қаралы хабарын білгенде бұлайша бордай езілген жоқ еді. Көппен көрген ұлы той, кімді жалмамай жатыр бұл соғыс деп жүрегі езіліп, іштей егілсе де сыртқа ол ашық сездірген жоқ-ты. Ал туған бауыр орны бөлек екен ғой. Сонау он алтыншы жылы жаудың қылышы кеңірдегіне қадалып қалғанда да, қолмен құрған колхозына банда-лар бүлік салғанда да бұлай босаған жоқ еді. Ол қы-ғын соғыс алдындағы арайлы күндер, Москваға екпінді колхозшылардың мәслихатына баруы ұмыттырып жібер-гендей болатын. Соғыс жылдарындағы тылдың да ауыртпалығын қынжылмай көтерген еді-ау. Жылкымен ығып бұрқаған боран, төпеген нөсердің де астында жүрді. Бірак жаны жасып, қажыры мұкалып көрген емес. Ал мынау қаза... қайран бауырдың қайғысы қаусатып бара-ды. Бір шаңырактан, бір ғана шаңырақтан бес бірдей боздақ опат болды.

Ол өксіп-өксіп жылады. Көз жасын жер ғана жұтты, күрсінісін жел ғана ұқты, қайғысына күңіренген атау үн қосты, азасына ортақ тасып орман сыңсыды. Әлден уақытта соның бәрін ысырып тастап, Құстүтіннің құлағына кісінеген құлын даусы келді. Ол орнынан атып тұрды. Құлын болып кісінеген өмір шақырды оны. Ал өмірдің жеңбек емес пе!

Ең бек Қ ұ стү тін Бітешевтің қ айғ ысын жуды, азасын аршыды. 1949 жылы Аманкелді атындағ ы колхоздың қ ұ рығ ы қ ұ тты жылқ ышысы Қ . Бітешев Социалистік Ең бек Ері деген ең жоғ ары атақ қ а ие болды. Онан он алты жыл ө ткен соң оны колхозшылар қ ұ рметті пенсияғ а шығ арып салды.

Қ ұ стү тін бү гін қ ұ лынның басын ұ стап, келіні Зейнепк бие сауғ ызып тұ р. Бұ л баяғ ы Белқ ожаның зайыбы. Жарынан қ аралы хабар келгенде жап-жас келіншек қ азір кемпір болғ ан. Жас болса да ол жарының орнын суытпай, қ айнағ асының қ ызы Сараны бауырына салып, Белқ ожаның тү тінін тү тетіп отырып қ алғ ан. Қ ұ п секең ні кейінгі ұ лдары Қ адырхан, Тілеухан да осының бауырын да ө сті. Ә й-шайғ а келмейтін абысыны Рахима екеуі-ос лай Бітешевтердің ү рім-бұ тағ ына пана болып отырғ аны

Ү йден жү гіріп кішкентай Хамит шық ты, соң ынан том-паң дап Айткү л келеді.

— Ата қ ұ лынғ а мінгізші.

— Мені де.

— Қ ел қ ұ лындарым,— деп Хамитті кө теріп ап, қ ұ лын-ғ а мінгізді де,— қ азір қ ызым,— деп Айткү лге қ арады.

— Қ ұ лындарым-ау, ажалдың аузынан сендер ү шін қ алдым ғ ой баяғ ыда, қ аскө й жаулар қ анша қ ұ ртам десе де Бітеш әулеті бітпеді. Ө мірдің ө зіндей ө ркені кең екен,— деп Айткү лін қ олына кө терді.

Кішкентай Хамит шу-шулеп қ ұ лынды тебініп мәре-сә-ре. Қ ұ стү тін тү скен атқ а енді оның ү шінші ұ рпағ ы кө ріліп келеді. Жү к ауырын бұ л кө тереді, енді олардың жолы, әрине жарқ ын.

3. Ажалды жең ген ана

Қ ытымыр қ ыстан кейін кү легеш кө ктем келуі заң . Қ ө ктем және жылда келеді, жер әлемді жасандыра, жандандыра келеді. Суық тө бе де қ арлы қ апталын кө кілкі тастап, жасыл торғ ын жамылады. Қ ыстай катып қ алғ ан Қ астек суы да қ ылтадан қ арғ ып шығ ып, қ оң ыраулатып, кернейлетіп жө неледі. Тө л болып туып, кө к болып шығ ып жатқ ан кө ктем шіркін жақ сы-ау. Ал адам ө міріне осы кө ктем неге екі дү ркін келмейді екен?

Қ ұ старына жем шашып, сыртта жатқ ан жаң ғ ырық қ а жайғ аса кеткен Рақ ия кө ктемгі қ ұ лпырғ ан қ ырғ а қ арап отырып осыны ойлады. Иә, адам ө мірінің кө ктемі — ө жа

тыгы екі айналып келмейді. Бұ л тым катал табиғ ат зы. Бәлкім шау тарткан сайын адамнын жастык шағ ын жиі сағ ынатыны да сонан шығ ар. Жастығ ын ойласа Ракия-ның да кө кірегі қ арс айрылады.

Кө зі ашык, кө кірегі ояу Иманалы Байділдинмен бас с.уйесіп, семья бакытын тапқ ан бал күндері-ай десей. Топырағ ы торқ а болғ ыр, маркұ м мұ ны жары ғ ана емес, жолдас.ы, әлеуметтік ө мірдегі серігі деп сыйлады йо. Ауылдың алғ ашқ ы коммунисі, Алматыда жұ мысшы болып журіп аздап окығ аны бар ол Рақ ияғ а да қ ара танытып, қ оғ амдық жұ мысқ а тарткан-ды. Ракияның осы ө ң ірдегі алғ ашкы коммунист әйел болуы да еоның -арқ а сы. Ауыл арасында партия мен үкіметтің саясатын түсі-діру, калын мал және кө п катын алуғ а карсы күрес. Ә йелдерді әлеуметтік жұ мыска араластыруғ а о кездес б боп кірісті бүл. Ак қ ар, кө к мүзда тау асып, Қ ыстаныз мен шектес жатқ ан қ азак ауылдарын да аралады. Сонын ө зі бір қ ызық екен-ау.

Оның ойын «Апа, Кайырғ алилардан хат!» деп үй жақ -тан жүгіре шық қ ан Мүсілімнің даусы бө лді.

— Ә ,— деп жалт бұ рылғ ан ол Мүсілімнің қ олынан қ ағ азды алып, кө кірегіне басты да,— оқ ыдын ба, ,кане не айткан екен карашыктарым?— деді.

— Оқ ыдым апа, амандық айтады. Қ амдана бер, ұ замай үй ішімен демалыска келіп калар.

— Келсін қ арақ тарым, келсін, әлгі кейінгі кішкен-тайын да кө рген жоқ едім. Алтынымның сынығ ы ғ ой қ алғ ан,— деп Рақ ияның үлкен кой кө зіне жас іркіле калды. Сыры кетсе де сыны кетпеген караторы ө ң і бір куарып, бір бозарды.

— Қ ой, қ ой апа, бауырларың , балаларың келе жатқ анда босаң сып не болғ ан сағ ан, ал онда мен кеттім,— деп Мүсілім үйге карай тағ ы да жүгіре жө нелді.

Рақ ия ө зімен-ө зі онаша ұ зак отырып қ алды.

— Алтынымның сынығ ы! — деп әлден уақ ытта ол қ айта кайталады. Сол сө зден ө ріліп кө з алдына ө ткен күндер кестесі кө лбей калды.

О тұ ста бұ лар Үн гіртаста тұ ратын-ды. Иманалы сов-хоз директорының орынбасары да, бұ л эйелдер совеінің председателі. Бір күні кө ктен түскендей шешең қ атты науқ ас, шапшаң жет деген хабар сап ете калды, Анаоы бө лек қ ой, ай-түйге карамай, тоғ ыз жасар Қ апиясын алып Рақ ия да дереу жолғ а қ амданды.

Рас, Сәлиман шешейдің сыркаты бар екен. Рақ ияга бірер апта аялдауғ а тура келді. Күздің басы, қ ыаыл кырманның кайнап жатқ ан шағ ы болатын бүгл. Жалғ ыа інісі осы «Енбекші талап» колхозының председателі Пұ ргали Қ ыдыровтың кара жанына бір дамыл жоқ көріеді. Алматыдан ІІІәлік Байсалов деген өкіл келіп, екеуі ертелі-кеш орылғ ан егіннің , бастырылғ ан астық басы-қасында. Ең бегінін жемісін көріп, колхозшылардың да көңілі көтерінкі екен. Тап жаулары түгел тауысылы болмаган катерлі кез ғой. Банда деген шығ ып, колхоз мүлкіне көз алартып-ақ тұр. Әр жерден егінге йырт қ о өрістен мал айдап кетіп те жатыр. Әсіресе, колхозшылар сенділерінің , совет кызметкерлерінің , коммунистерді ізін қ атты бағ улы. Қ ырағ ылық ты бір сот бәсең детсен болды, қ апысын тауып мерт етуі кәдік, Шәлік келгелі осы қ ырагылык біраз күшейтілді де. Жауапты жердін бэріне күзет қ ойылды, коммунистер мен комсомолең тер жіберілді.

Қ ызы келген соң көп ұзамай Сәлиман шешей де сауыгып, Рақ ияның ауыл өмірімен терең танысуына жол ашылды. Бұрын колхоз председателінің орынбасары болып, артельдің іргесін колымен каласқ ан Байділдаевга оның әр қ азығ ы кымбат, әр қ азығ ы ыстық қ ой. Ол конакта жатырмын деген жоқ , қ ырманғ а барып ең бек етіи жүрген жүзі жарқ ын қ ұрбыларынын өмірін көрді. Ерлермен терезесі тен жүрген әйелдерді керіп, қ уаныш қ ойынына симады. Өзі оқ ып, естігі білген соң гы жаңа-ал тарын ортаг а салып, әңгімелер де өткізіп жүрді.

Інісі Нұрғ али да, өлкеден келген өкіл де еш сырын бүкпей акылдасып отырды. Бұл кешті де олар күнәшынғ қ ауырт жұмыстың қ орытындысын шығ арып, ертең гі ең бек күнінің жоспарын қ ұрумен өткерген еді. Сәлиман сан дан сөз қ озғ ап, алдағ ы өмірден әңгіме тартып ұзақ отырып қ алыпты олар. Күндізгі көп жұмыс қ ажытқ ан Нұрғ али мен Шәлік ауыл аяғ ы басылысымен-ақ ұйқ ығ а кетті. Анасының касында Рақ ия ғ ана аз-кем жүріп калды. Қ енет тасырлата шапқ ан ат тұягынын түсірі келді құлакка. Сәлиман да, кызы да елең етіп, бір-бріне қ арады. Ал аналар қ аннен қ аперсіз ұйқ ыда жатыр.

Қ оммунистер мен комсомолецтерден арнайы отряд құрылғ алы бандалар бәсенсіп, ауыл маңына жуи алмай жүрген-ді. Әлде баска бір шаруамен шауып жүрген адамдар ма? Жоқ , тасырүдеп, ұлғ айып таяп келеді.

Мына буыны кұ рғ ыр неге дірілдей береді? Жү регі тіп ск неге су-су етеді? Міне, келіп те жетті.

Рақ ия інісін оятуғ а беттей бергенше болғ ан жоқ :

— О, қ ұ лдар! Тү стің бе колғ а, кұ нукерім! деп есіктен кіріп келген ең гезердей жуан сары алтыатарын бірден кезеп, ұ йқ ыда жатқ ан Нұ рғ алиғ а ү ш оқ ныбірде қ атарынан қ адады. Оқ ыс дыбыстан атып тұ рғ ан Байсаловты сарының соң ындағ ы сірің ке қ ара сұ латып салды.

Тү с көргендей бір сәт мең -зең тұ рып қ алғ ан Рақ ия жан-дәрмен жуан сарының қ олына жармасты. Осы тұ ста мылтық тағ ы бір тырс етті де, Ракия да ұ шып тү ктій ішіндегі алас-кү лес, айқ ай-шуғ а шошып, оянып шыр ет қ алғ ан Қ амия от басында жатқ ан анасының ү стіне қ ұ лады.

Дімкәс ана да орнынан атып тұ рып:

— Ұ лым мен қ ызымнан қ алдырмай мені де атып кет, карабет,— деп көйлегінің омырауын дар айырып, шашын жайғ ан бойы бандалардың алдына ойбайлап отыра кетті.

— Сен сияқ ты мыстанғ а шығ ын қ ылар оғ ымыз жоқ , қ ақ бас! Оқ коммунистерді қ ыруғ а керек әлі,— деп жалпақ сары кемпірді кеудеге бір теуіп, алтыатарының ұзын ү рлеп қ ынабына салды да, соң ынан келе жатқ ан еркекше киінген қ ызын ү йге енгізбей жү ріп кетті.

— Тұ қ ымың тұ здай қ ұ рысын, Омарбек! Есік-есіктен, тесік-тесіктен ө т, Сыматай!— деп қ арғ ыс жаудырып аң ырағ ан ана қ ала берді. Оның даусын шапкан аттың дү бірі жұ тып жатты. Ұ зап тү н койнына сү ң гіген сол дү бірмен бірге Рақ ияның да есі ауып кетті...

Ә лгі у-шу шық қ ан жақ қ а жү гіре басып сол тү ні кырман басында болғ ан комсомолец мұ ғ алім Ғ абитолла Кәрбозов келсе, ү й іші қ ып-қ ызыл кан. Председатель мен ө кіл табан аузында жантәсілім қ ылыпты. Ракияның кеудесінде жаткан қ ызында да жан жоқ . Шамасы корық - қ анынан жү регінің қ абы жарылып кетсе керек. Тек Рақ ияның ғ ана тамыры соғ ып жатыр. Бәрін жасағ ан бандалар екенін ол бірден біледі. Жалма-жан Рақ ияның жарасын ө з орамалымен таң ып, ес-тү сі жок шалажансар жатқ анда аудан орталығ ындағ ы ауруханағ а жеткізеді. Сө йтіп, Ракия ажал аузынан қ алды.

Сонан бері де, міне, отыз алты жыл болыпты-ау. Ол кү ндерден белгі де аз. Рақ ияның денесінде қ алғ ан жағ ыз оқ болмаса баска жараның орны жазылды ғ ой. Сол тү ні кәрі ана карбаласта кішкентай Қ абиболла мен

Қ айырғ алидың ү стеріне қ азан төң кере салғ аңр еді, ола ертеніне әке өлімін жұ рт жиналғ анда бір-ақ білдіе- Ә ден жастай қ алғ ан бұ л екеуі бұ гінде бір-бір ұ йдің и болып отыр.

Бағ ана Мү сілім айтқ аидай, олар Рақ ияның әр: ба- уыры, әрі баласы болды. Жалғ ыз інісі қ аза тапқ аң со артында қ алғ ан карт анасын Рақ ия қ олына алып, ұ йелмелі-сү йелмелі екі баласын бауырына салды. Со на дү рбелең де Иманалысы ұ сталып, өзі қ удаланып қ ат-қ а- баг қ иындық ты бастан кешірсе де, екі ұ лды тең қ дә рбы кем қ ылмай өсірді емес пе. Қ азір Қ абиболласы Қ -ырғ ыз станда, Қ айырғ алиы Алматыда тұ рады. Олар қ олында огырмаса да қ арт ананың әрдайым көң ілінде жатады. «Алтынымның сынығ ы» деп айналып-толғ анып жатқ аны да сол.

Қ ырқ ыншы жылдардың алдында Рақ ия қ абырғ асын әзі қ аласқ ан колхозына көшіп келген еді. Қ өң ілү жү д еді о тұ ста. Алайда ағ айын қ олтығ ы кең емес пе, оғ а айқ ара қ ұ шақ жайды. Табанда қ олынан келетін жұ мыс берді. Сө йтіп, бұ л өзінің бір, інісінің екі бала сіп ештең еден кемдік кө рмей осы жасына жетті. Елуінші жылдардың орта шенінде Аманкелді атындағ ы колхоз- дың ең беккерлері бұ рын-соң ды сің ірген ең бег-ің е еске келіп қ ұ рметті демалысқ а шығ арып салғ ан-ды.

Пенсия. Екі қ олың ды басың а жастап, шалқ иып жатып ал деген сө з емес бұ л. Қ алжырағ ан тәнге бер іл тыным ғ ана. Тән шаршаса да жан шаршамайды. Ой көзі кө реген адамның жаны қ артаймақ емес. Ә ттең осы бір оқ тан қ алғ ан дімкәстік болмаса, Рақ ия от басы, ошақ касының кү йбең імен отырар ма еді.

— Ә й, жаным аман болса, бір оғ ың а бола қ оймаспын. Тек заман тыныштығ ын берсін де! — деп ол орнынан тұ рды. Бағ анағ ыдай емес бойы сергіп, қ унап қ алғ ан. Ә лде Қ айырғ алиынан келген хаттың қ уанышы ма екен, әлде...

*

Рас, адам өмірінде екі көктем жоқ. Жастық екі айна- лып келмейді. Бірақ еске алар жастығ ы болғ ан адам вткенін көз алдына келтірген сайын өмір көктемімен кауышатын сияқ ты. Қ өктем қ ашан да қ уаныш жаршысы. Бәлкім, Рақ ияны қ уантып қ ойғ ан да сол шығ ар.

Иә, Аманкелді ардагерлерінің осындай кадір-қ ұ рмет- ке лайық өмірі бар. Тек соны ардақ тай біліп, кейінг

буынга ө неге етіп ұ сына берелік. Олар киындыгы мен қ ызығ ы қ ат-қ абат шартарап жолдан ө тті. Біздің осы бақ ытымыз ушін ең бір отты күндерін киды. Ендеше сынга сый болсын да.

1967 жыл.

Пионер

Сонау соғ ыстың сұ рқ ай жылдары күні бүгінге дейін кө з алдымызда. Самарқ ау салқ ын күз еді. Қ ырдағ ы кызық қ айтқ ан қ ұ стың қ анатында кетіп, сазарғ ан күз де сүлесоқ , шаң ырақ тағ ы шаттық майданғ а аттанғ ан әкеміздің қ абағ ында кетіп, сарғ айғ ан біз де сүлесоқ-. Т мен таласа жұ мысқ а жиналғ ан анамыздың тысырынан оянып, томпаң дап мектепке тартамыз. Түсже салым талығ ып үйге жетеміз, кешке қ арай қ ырқ адан кылаң атты хат тасушымы күтеміз. Күздің жамылшым кө гіндей жабың қ ы кө ң ілді сол ғ ана жұ бататындай. Осылай үмітті жең іп күн батады, күдікті жең іп таң атады. Б бірінен айырмасы жоқ кө з жасындай ұ қ сас күндер. Бәрі, бәрі де әбден үйреншікті, тіпті тө рт кластың арасында алма-кезек жүгіріп жүретін ат жақ ты, ажарлы ашаң жүзді мұ ғ алім жігіттің жүріс-тұ рысы да, күндел жұ мысы да үйреншікті. Жаң а тақ ырыпты түсіндіріп, тапсырмасын пысық тай сала ол басқ а балаларғ а тартқ анда бүкіл кластың маң дайына басқ ан жалғ ыз кітапқ а жапырлаймыз. Ә йтеуір, біріміздің білгенімізді біріміз селбестіріп жатқ ан жандармыз.

Бірде ұ стазымыздың бір сабақ ты ұ зақ ка созғ аны бар. Бірақ оның ұ зақ ө ткенін біріміз байкағ аныз. Ә ншейінде бұ йығ ылау мұ ғ аліміміз де ең селеніп алғ ан. Алдымен ол: «Балалар, бүгінгі сабағ ымыз бүкіл елге әйгілі пионерлердің бірі Рауза Шамжанова жайында» деп, «Ана тілі» оқ улығ ынан бұ зау қ ұ шақ тап тұ рғ ан қ а ра домалақ қ азақ қ ызының суретін кө рсетті. Шашын кыска етігі қ иғ ан, мойнында галстугі бар, монтиғ ана-на қ аршадай қ ыздың кескініне кө з алмай карадык та қ алдық .

— Рауза Қ ө кшенің күнгей жағ ында туғ ан, яғ ни жерлесіміз. Ата-анасынан жастай қ алса да, ол Отан-анаының аясында жетімдік тақ безесін тартпай ө сті.

Терең білетін тақ ырыбы келгесін бе, кө сіліп шешен сө йлейтін сө зуар болып кетті мұ ғ алім. Оқ улық тағ ы

«Рауза Шамжанова Ең бекшілер ауданындағ ы балалар
үйінде тәрбиеленеді. Ол оқ уды бар ық ыласымен оқ ып,
озат окушы болды. Рауза оқ умен қ атар колхоздың жас
төлдерін күтуді міндетіне алады. Оларды уақ ытында б
ғ ып-қ ағ ып, жатар орнын жақ сы ұ стайды. Оның бақ қ ан
төлі семіз, күйлі болып өсті. Қ азақ станның озат мал
ларымен бірге ол Москваға барды. Мал басын өсіруді ег
үлгілі ең бегі үшіы үкімет Раузаға «Қ ұрмет бер ергісі»
денін берді» деген шап-шағ ын әң гімені ол толық ты, рып
табандатқ ан бір сагатқ а созды. Бұл бір біздің класс
емес, бүкіл мектептің сабагына айпалып кетті. Рауза
сияқ ты ең бегімен аты шық қ ан талай пионерлермен
сырттай таныстық . Бәрінен түйген бір ғ ана байламы-
мыз: еліне сің ірген ең бегіиің адамды абырой-даңбқ қ а
леп, бақ ытты етегіні.

Раузаның қ ұрбысы Мамлакат Нахангованың атын
есіткенде төрде ілулі тұрган үлкен суретке жалт қ а-ар
дық бәріміз. Мамлакат! Мақ та теруде тәжірибелі мақ -
ташыларды ілестірмей кеткен саң лақ . Ең бектегі ерен
ерлігі үшін он бір жасында Ленин орденін алғ ан. Осы
нау кішкентай ғ ана тәжік қ ызын ел басшысының өзі
көтеріп тұрғ анын қ арасайшы! Қ азақ стан малшылары
атынан қ азақ тымағ ын кигізген Раузаны да қ олына ке-
іерігі бетінен сүйген болар ол?! Осы ойлар сәби сеізі-
мізді шалкытып, бәріміз бір сергіп қ алдық .

— Ал балалар, біздің де енді оқ уды ең бекпен ұ штас-
тырар шағ ымыз болды. Согыс салғ ан лаң мынау. Отан
үшін кеудесін қ алқ ан ғ ып қ ан кешіп, от жұ тып әкелер
жүр. Азық -түліктен олар тарық пасын десек, колхозға
кол ұ шын берелік,— деп сабақ соң ында мұ ғ алім бәрі-
мізге сынай қ арады. Қ айда жұ мсаса да тіл қ айтар масы
мызды жүзімізден оқ ып алып ол ұ сынысын айтты. Ба-
гана басқ арма балалар егін басына барып, масақ тері
се дегендей емеурін аң ғ артып еді.

Бірср уыс қ уырғ ан бидайды (түскі асымыздың түрі
осы) қ алтамызға сала сап, қ олымызға қ апшық ұ стап
ізінше-ақ егін басына жөнелдік. Масақ теру дегентане
йірі, шалғ ы алмай қ алғ ан сабақ ты жұ лып, қ апшық қ а
сала беру де жұ мыс болып па? Ертеден қ ара кешке де-
йін ат басында изең деген он екі-он үштегі ағ амыздың
күнұ зақ егіз айдағ ан он төрт-он бестегі апамыздың ,
сақ алы желпілдеп лобогрейкадан жем тастағ ан ата-
мыздың , тұ лық таспен астык бастырғ ан анамыздын
жұ мысына қ арағ анда біздікі ойынмен тең деп ойладық

алғ ашқ ыда. Мақ таны екі қ олымен терген Мамлакаттай боламыз деп бірімізбен біріміз жарысып, жанталасамыз кеп. Сонымен кешкісін ушып жығ ылғ анымызды бір-ақ білдік қ ой. Беліміз салдырап, қ олымыз қ олдырап қ алыгіты. Жұ мыстың оң айы болушы ма еді?! Бірақ қ иыннан қ орық қ ан қ ия баса алмайды, ертең іне егін басына тагы келдік топырлап. Маң дай теріміз майдандағ ы әже лерге медет берсе болғ аны. Ө негесі ө зімізді ең бекке қ ұ лшынтқ ан Рауза апайымыздың да оқ пен оттын ортасында жү ргенін онда кім білген.

Бала кү ннің балауса талабына баяғ ыда осылайша шырақ жақ қ ан сол Шамжанованы бұ рнағ ы жылы Ү нді мәдениетінің Қ азақ стандағ ы кү ндері кезінде кө рдім. Дос ел делегациясының басшысы оның мойнына жалтжұ лт еткізіп асыл тастан тізілген алқ а салып жатқ ан да ең бекке деген қ ұ рметке тағ ы да тәнті болдым. Сон соң оны достық кештерінде, жастар тәрбиесіне арналғ ан жиындарда жиі ұ шыратып жү рдім. Қ арадү рсін киінетін қ арапайым, орта бойлы, бәденді, мінезі маң ғ аз осұ на адам мінбеге шық қ анда әмсе арқ аланып кетеді. Тәрбие тө ң ірегіндегі гіікірі толғ амды келеді, Ондайда ойлы ұ сыныстары қ ошемет таппағ ан кү ні кемде-кем. Алайда ол кісінің ө зімен алғ аш жү збе-жуз жолық қ андазєол сө шең діктен жұ қ ана да таппай аң тарылғ анымыз бар.

— Жұ рттан артық апырып-жагіырып не тыидырып тастады дейсің , інішек?! Ә йтеуір тең -қ ұ рбыдан кем қ мауғ а тырыстық та. Ақ тан Тө лебаевты білетін болар сың !? Партия қ ызметкері, Қ азақ ССР Жоғ арғ ы Советінің депутаты. Қ ө рген жерде «сен бақ қ ан тө лді бәз деғ ып едік, абыройы сағ ан бұ йырды-ау, Рауза»— деп әзілдейді ол. Соның сө зінің жаны бар тіпті,— деп сә жымиып алғ ан ол ө зінің ө мір жолына жанаса алмай біраз отырды. Жұ мыс жайын кө бірек айтып, әр алуан сұ рақ қ ойып мазалап хат жаза беретін балалардың қ ылығ ын қ ызық тап кетті. Қ ім білсін, баяғ ы бір белгілі жларды қ айталай беріп қ ажеті не деген ой тізгін тартқ ыза ма? Бірақ ө ткен естен ө шеді, ертең ұ рпақ ө емес пе! Не керек, әң гіміздің тігісі жатпай жырлып айрылып-жыртылып айрылып арпасына әрең түсті.

...Қ ө кшенің кү нгейіне карай сонау Сілетіге дейін кө сіліп кететін Айсары деген айдын дала бар. Рауза соның батысқ а таман тобылғ ылы шұ бармен кү рмелетін тұ сындағ ы Жаң ауыл деген жерде дү ниеге келіпті. Ә кесі Шамжан еті тірі, уытты жігіт болса керек. Сол тө ң ірегінт

колхоз ұйымдастырушылардын бірі көрінеді. Онын колхоз бастығынын орынбасары болып жүргені тұла бойы тұңғышы Раузаның еміс-еміс есінде. Тұңғышы алтыдан аса бере ол опат болады. Онан соң ұзамай анасы... Сылай Рауза жетіге жетпей ата-анадан айырылды. Алайда, ол жегімдік зардабын шегіп, зарыкқан жок.

Әкесін көзі көрген ауыл мұғалімі Тілеуке Калиев колынан жетектеп әкеліп Раузаны аудан орталығындағы балалар үйіне орналастырды. Мойылдай кара көзі мейірім шашып тұратын қызыл шырайлы, ұзын бойлы ұстаз көңілі жарым жас баланын кайратты кара шашын сипап тұрып:

— Қалкам Рауза, бүгіннен бастап сен Отан аясындасын. Ендігі сенін атаңда, анаңда сол. Сонын сенін ақтауға ұмтыл. Баланың жілік алмақ мінезіиен,— деп еді. Сонан соң жан-жағынан жүгіріп келіп, жүгіріп кетіп жуыса алмай жүрген балаларға көзінің астымен то сырқай қарап тұрган Раузаны колынан тартып сөзін әрі карай сабактаған-ды.— Бәрі де өзің дей бүлдіршін дер. Жатыркама, жаксыда жаттык болмаска тиіс. Күні ертен-ақ үйренісіп бауыр басып кетесіцдер. Ал оқытушыларың — өзім.

Айткандай-ақ Раузаны балалар үйінің базарлы өмірі лезде үйіріп алып, қызығына шым батырып әкетті. Окуға зейінді зерек жас жалыкпас ең беккорлығымен де көзге түсті. Сабақтан шыққан соң бір мезет балалар үйінің қосалқы шаруашылығында болып, малшыларға колқабыс беру оның дағдысына айналды. Мектептен шыкса болды, Қазгородоктың батыс жагындағы сүңғақ карагайлардың арасынан көк аспандай көлбеп Жөкей көлінің жағасы шакырғандай, мүны іздеп момакан бұзаулар мөнірегендей көрінеді де тұрады. Кешкісін келіп құрбыларымен кітап окиды, сауык кұрады, сабақка әзірленеді. Ертеніне мектеп, ферма... Қызық бөктерген күндер білдірмей осылай кұйғып өтіп жатты Бір күні оган оқытушысы:

— Рауза, сүйінші! Москвага баратын болдың. Онда озат малшылардың одақтык кеңесі өтеді екен. Соғаан қтысып, біздіц бадалардыц бүгзауды калай бағатынын-атып бересін, жарай ма?— деді бүкіл балалардыц алдында.

— Ә, рас айтасыз ба?— деп қуанғанынан жылап жібере жаздаған жас кыз бетін басып тұра жүгірді.

Адам көнілінде кіреуке шалмай мәцгі сақталатын

шактар болады. Раузанын жадында жарқ ын ізі сайрап жатар сәті сол Москвадағ ы мәслихатқ а баруы сияқ ты. Оның жолғ а қ алай жиналғ аны, бұ зауларын қ имай төл үйге барғ аны, енді аттанамыз деп тұ рғ анда белгібір себептермен баланың Қ азақ стан делегацпясынан қ алып қ ойғ аны — бәрі-бәрі бү гінгідей. Сонан салы суға іккет тауалы шагылып жү ргенде «Рауза Шамжанова Москвағ а мәслихатқ а жедел келсін» деген телеграмма сап ете түсті. Москва! Мұ ны бір көру қ ай баланың арманы болмағ ан. Ақ ыры, арада поезбен бес күн жү ріп, күнұ зақ терезеден қ араумен екі көзі төрт болып Рауза да жетеді.

Қ ең еске ұ лы еліміздің әр шалғ айынан сегіз пионер келген екен. Бәрі де ығ ай мен сығ ай. Қ авказдан келгБарасби Хамгоков Қ ызыл Армняғ а деп өзінің Қ абардысында талай сайгү лік өсіріпті. Қ олын қ атты қысып он Буденныйдың өзі бауырына басты. Бұ ғ ы өсірген якут қ ызы Евгения Қ орнилованың ең бегі де олқ ы емес. Москвалық Миша Кулешов және бар. Раузағ а солардың бәрінен өзгеңбегі күйкі сияқ ты көрінді. Бірақ бү гінның бегін де Отаны адал бағ алағ ан екен. Бү кілодақ тық төрағ а М. И. Қ алипиннің өзі оның омырауына «Қ ұ рмет белгісі» орденін кадады. Он екі жасар қ ыр қ ызының тәтесі көкке тигендей болды. Жас лениншілдерді қ ұ тты тай тұ рып Михаил Ивановичтің сондағы айтқ ан сө зі Раузаның әлі күнге қ ұ лағ ында.

— Білесің дер ме, балалар, өмірде ең күшті кім осы?— деп көзілдірік астынан көзін сү зіп сәл жымиғ ан бойы ол балаларға барлай қ арады. Сосын сө зін одағ ай жалғ ады.— Өмірдегі ең күшті адам, досы көп адам. Міне, сендер Москвағ а шартараптан сапар шегіп келіп отырсың дар. Енді еліміздің түкпір-түкпірінде достарболады. Мейлі Россияда я Қ азақ станда тұ рсын, мейлі Украинада я Қ авказда тұ рсын — қ айда да әйтеуір бізд әркімнің шынайы сенімді досы бар. Еліміздің Совеккті Социалистік Республикалар Одағ ы атануы тіпті де тегін емес. Одақ деген сө зге зер салың даршы. Бұ л дос деген сө з. Ең алдымен осынау абзал сенімді сақ тағ ың да Еліміздегі халық тардың достығ ы болаттай берік болса, бізге еш дұ шпан қ атер төндіре алмақ емес.

1936 жылдың басында Ильичтің сенімді серігі Михаил Ивановичтің аузынан шық қ анә сиет сынды сө здің мағ ынасына онда Рауза онша бойлай қ ойғ ан жоқ еді. Тыныш жатқ ан Отанғ а қ ас дұ шпан тұ тқ иылдан тарпа

бас салғ ан ауыр сәтте ғ ана ел ағ асының достык тұрал сол сө зінің мағ ынасына кө зі жетті. Казак университе нің бірінші курсында оқ ып жү ріп Р. Шамжанова ө зі сұ ранып майданғ а аттанды. Ортақ елі — Октябрь Отанын қ орғ ауғ а қ анаттаса кө терілген орыс пен қ азақ , у раин мен ө збек, белорус пен грузин ұ л-қ ыздарымен бі сапта болып, сұ рапыл соғ ыстың от-жалынын бастан-аяк кешіп ө тті. Достық қ а бұ зылмас қ амал, жығ ылмас дұ шпан жоғ ын ол ө з кө зімен кө рді. М. И. Калининнің істі ө си енді оның ө мір мұ ратына айналды. Оның қ азіргі қ ызметі де осыны паш етіп тұ рғ андай. От шетелдермен байл ныс жө ніндегі Қ азак қ оғ амы президиумының председателі. Соғ ыстың түтіні сейіле сала Рауза Москваның халық аралық қ атынастар институтына түскен еді. Бертін ғ ылыми атақ аларда да кандидаттык диссертацияны осы достық такырыбынан қ орғ ады. Тұ ң ғ ыш ұ лы Ерлан әлгі ө зі бітірген институтта оқ ып жү р. Бәлкім аа жолын Нұ рлан мен Бағ ланы да куар.

Ә нгіме әуені достыкка қ арай ойысқ анда Рауза аз кем ойланып отырып, қ ызык, бір оқ иғ аны айтты.

— «Достық та жоқ шекара» дейтін қ азактың қ айақ ыны еді?! Ө лең нің осы бір ойлы жолын алыстағ ы Африкада жү ргенімде есіме алдым. Уганда елгнің Байда-Бусиджо деген жерінде сол төң іректегі балалардың егін оқ ытатын жалғ ыз мектеп бар екен. Оғ ан ө здері Владимир Ильич Ленинніңатын беріпті. Достық тың жаркын мысалы емес пе бұ л. Шынында, достық қ а жер шалғ айлығ ы, жол алыстығ ы жоқ . Мынау сол мектептің директоры Ахмед Лубектің хаты,— деп ол маған бір буда хаттың ішінен біреуін алып ұ сынды.

«Лениннің портреті мен жіберген кітаптарың ыз ү шін жү ректі жарып шық қ ан алғ ысымды ө з атымнан және достарымның атынан қ абыл алуынызды ө тінемін. Жұ ртты қ кө бі, әсіресе, осы мектепте оқ итын балалардың ата-аналары Сіздің жомарт жаның ызғ а дән разы болып, мың да бір рақ метін жолдап отыр.

Сіздер кө рсеткен кө мек ө з халқ ымызғ а Лениннің таң даулы туындыларын тү сіндіруге жағ дай жасары сө зсіз. Ал Ленинді олар ө з кө семіндей қ ұ рмет тұ тады,қ мет тұ та да береді».

Мұ ндай хаттар оғ ан аптасына ондап келіп жатын кө рінеді. Солардың соң ғ ы бір будасын актарып отырып кө зім Қ ерала штатынан келген хатқ а түсті. Раузаны

алғ аш тү степ кө ргенде оның мойнына алқ а тақ қ ан сол Кераладан келген қ онақ тар еді.

— «Мадам Шамжанова!— деп басталыпты хат.— Қ азақ достық қ оғ амынан, Қ азақ стан халық тарынан келген қ ұ ттық тау сәлемі мейірімімізді ө сіріп, мәртебемізді кө теріп тастады. Совет және ү нді халық тарыньщ арасындағ ы достык жыл асқ ан сайын тамырын терең ге салып ныгайып барады. Қ азақ бауырларғ а кералдық тардың қ ұ шағ ы да айқ ара ашық .

Қ ұ рметпен, Қ ерала штатының бас қ азысы
В. Р. Кришина Айер».

Хаттан басымды алып Рауза апайғ а қ арадым. Осынау қ арапайым қ азақ қ ызы мағ ан халқ ымызды әлемнің әр шалғ айымен жалғ астырып тұ ргандай болып кө рінді. Бір кезде оның ө негесі бізді енбекке ұ мсынтса, бү гінде оның ө зі достықты кастерлеуге ү ндеп тұ рғ ан қ ияқ т Ол қ азір де пионер. Халық аралық қ атынастар саласында қ азақ қ ыздары арасынан шық қ ан пионер.

1970 жыл.

Қ ү стар келді

Қ оң ырау ү нді қ оң ыр қ аздың ү рім-бұ тағ ымен ү рдіс ұ шқ анына апта жү зінен ауды. Алыс сапардың алғ ашқ ы сәтіндегідей емес, енді ұ шу да оң айланып қ алғ анқ а ұ сайды. Бір ырғ ақ ка бағ ынғ ан қ анаттар ө зінен-ө-зі қ ам шыланып, қ алық тата беретін тәрізді. Бұ лттар аунап, астына тү сіп, тастө беден ап-ашық аспан мө лдірей қ алғ анда жарау дене тіпті жең ілейіп кетеді. Қ ө з жетпейтіндей кең істікке кө ң іл кө теріле ме, самғ ау сәні де тү седі береді. Шіркін, шырқ ау биікте еркін шалқ ығ анғ а не жетсін!

Бірақ бү гін, әсіресе, ұ я басар қ оң ыр қ аздың кө ң ілі байыз табар емес: биіктен гө рі аласағ а алаң дап, кенк гө рі кө гілдір кө лдерді аң саулы. Жаза баспаса жетер жеріне тү стік жол ғ ана калса керек. Жол межесін мө л шерлеуге және болмайды. Тү н кө рпесін қ ымтанғ ан ба, әлде тұ ман тұ мшалап тұ р ма, жердің бар-жоғ ы белгісі Ә лгі бір әзірде орманның бір әсем иісі танау қ ытықт тө мендей беріп еді, омырауы жып-жылтыр мұ зғ а тиіп, сырғ анатып жіберді. Шамасы, суық тық пен жылылық -